

ӘОЖ 94(574)

## ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗІНДЕ ӘБДІҒАППАР ХАН ЕСІМІНІҢ ҰЛЫҚТАНУЫ

**Жұмамұратов Наурызбек Амангелдиевич**

[Nauryzbek\\_11\\_xx@mail.ru](mailto:Nauryzbek_11_xx@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
тарих факультетінің 2 курс магистранты.

Ғылыми жетекші: Исакова Күлзира Идрисовна


Тарихшы академик Манаш Қозыбаевтың «Жауға шаптым ту байлап» атты кітабында: «...XX ғ. Ұлт азаттық қозғалысының көсемдерінің бірі Әмір Әбдіғалпардың бағы Егемен Ел болған кезде ғана ашылып отыр. Әбдіғалпардың кешегі тоталитарлық заманда есімі құбыжық етілді, тарихтан аластатылды. Ал шын мәнінде Әбдіғалпар кім еді... ..ауыр заманда ту көтерген ерлердің бірі Әмір Әбдіғалпар даңқ үшін әмір болмады, ел есімін атады, ол көнді, Отан үшін жанын пидә етіп, шүберекке байлады. Патша жеңдеттерінен аман қалған Әмір Әбдіғалпар большевиктік экстремизмнің құрбаны болды...» [1]. Шынында да, Кеңес кезінде Әмір Әбдіғалпардың есімі мүлдем ұмыт болды. Тек еліміз өз Тәуелсіздігіне қолы жеткен кезде ғана абзал ата-бабаларымыздың есімдерін мақтанышпен атай алатын хәлге жеттік. 2008 жыл. 16-шы Желтоқсан. Қазақстан егемендік алғанына 17 жыл толуына арналған құрметті жиналыста Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1916 жылғы ұлт азаттық қозғалысының көсемдері Амангелді Имановтың, Әбдіғалпар Жанбосынұлы сияты тұлғалардың есімдерін қошеметпен атап өткен болатын.

Тұлға – өз замандастарынан интелегенті, ақылы және парасаты сынды әр түрлі қасиеттерімен ерекшеленіп, халық арасында көсемдігімен, шешендігімен, әділдігімен, өз мүддесін ұлт мүддесімен ұштастырып, ұлтжандылығымен ерекшеленетін жан. Мұндай тұлғалар тарихта күнде тумайды, сондықтан, олар туралы зерттеп, өмір жолы жайлы танымды жұмыстар жазуға тиіспіз деп ойлаймын. Қазақтың осындай тұлғалар қатарына, өз заманында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Тұрар Рысқұлов, Амангелді Иманов сынды т.б. қазақтың бір туар азаматтарымен қатар өмір сүрген Әбдіғалпар Жанбосынұлында тұлға сатысына қосып айта аламыз. Әбдіғалпарды Қазақтың ең соңғы ханы деп айтсақта қателеспейміз. Өткені, Торғай көтерілісі кезінде халық бір ауызда оны Қазақтың ханы етіп сайлады.

Әбдіғалпар Жанболсынұлына қатысты ғалымдардың зерттеу жұмыстарында М.Сүлейменовтың «Әбдіғалпар хан», Қ. Қалиев «Әбдіғалпар хан. Халық кеңесі», М.Қозыбаевтың «Әмір Әбдіғалпар» еңбектерінен басқа тікелей деректерді кездестіре алмадық. Қосымша деректерді А.Байтұрсыновтың «Ақ жол», М. Қозыбаевтың «Жауды шаптың ту байлап», М. Қозыбаев «Тұлғалар тұғыры», еңбектері береді. Торғай ұлт-азаттық көтерілісіне 100 жыл толуына орай, көптеген тарихшылар арасында бұл өзекті тақырыпқа айналды. Солардың қатарында Мәмбет Қойгелді «1916 –халық атқа қонған жыл» атты мақаласында сол кездегі ескеретін жағдайларға тоқталып кеткен [2]. Ал Жұмат Әнесұлы


«1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы бір анық» және т.б мақалаларда көтеріліс басшыларына назар аударып, ол жерде Әбдіғаппардың ерекше орны бар екендігін айтып өтеді.

Қазақта «тектіден-текті туады» деген сөз бар емеспе, сондықтан, Әбдіғаппардың арғы аталары жай адамдар болған емес. Есімі бүкіл қазаққа тарап, аңызға айналған Қобыланды батырдан Әбдіғаппар ханның шежіресі басталады. Оны төмендегі кестеден көре аласыздар(1-кесте).



Осы тұста Әбдіғаппар ханның, атақты бабасы Тілеулі батыр туралы кішкене айтып өтейік. Тілеулі батыр шамамен 1690 жылы туған. Жастайынан жанына сері мінез, ержүрек жігіттерді жинап, елін жаудан қорғады. Он жеті жасында атқа мініп, дауға түссе дауды, жауға түссе жауды жеңіп, елінің мерейін асырған батыр еді. Тілеулі батыр 1710 жылғы Қаракұрымдағы бүкіл қазақ мәжілісіне арнайы шақырылса, 1723 жылғы Ордабасы тауында Әбілқайырды бүкіл қазақ жасағының қолбасшысы етіп тағайындағанда, тағы да олардың арасында Тілеулі батыр болды.

Тілеулі батырдың бір басында некелі тоғыз әйелі болған. Солардың арасында тама Есет батырдың қарындасы Жапалақта бар еді. Тілеулімен Жапалақтан тараған ұрпақты төмендегі кестеден көрсен аласыздар (2-кесте).



Айдарлының үлкен баласы Жабайдан, ел ісіне араласқан Жанқожа дүниеге келсе, одан Жанбосын тарайды. Осы Жанбосыннан, 1916 жылғы Торғай ұлт-азаттық көтерілісі кезінде хан болып сайланған Әбдіғаппар дүниеге келеді [3].

Әбдіғаппар 1870 жылы күз айында дүниеге келген, оны Ахмет Байтұрсынов өзінің «Ақ жол» кітабындағы жиырма үшінші жоқтауында, Әбдіғаппардың 49 жасында шәйіт болған деп жазған. Әбдіғаппар 1919 жылы қаза тапса, демек қазақтың ең соңғы ханының 1870 жылы дүниеге келген [1]. М.Сүлейменов өзінің «Әбдіғаппар хан» кітабында

«Әбдіғаппар орта бойлы, балқаш денелі, кесек бітімді адам. Сөз айтуға келгенде ауызы ауыр, жүріп тұрғанында қимылы байсалды. Ол өзін-өзі дәріптеп, асып-тасуды жек көрді. Тек, елден ерек, қызық бір қылығы, демалғанында екі қолын төбесіне қойып, шалқасынан жатқан күйі ой құшағына бататын» деп бейнелейді [3].

Әбдіғаппар Жанболсынұлы өмір сүрген кезең қазақ халқы үшін қиындықтарға толы болды. Осы кезде, яғни 1897 жылғы бірінші бүкіл ресейлік санақ бойынша Қазақстанда қазақ ұлтының саны 3 392,7 мың, яғни 3 миллионнан астам адамды құраған. Бұл қазақтың халқының саны XVIII ғ. қарағанда өскендігінің белгісі. Бір өкініштісі, қазақтың шаруашылығының басым бөлігі малмен байланысты болғандықтан құнарлы жер үлкен мәселеге айналды. Халық саны артқанымен, мал жаятын жайылымдар саны азая бастады. Оған қоса, патша үкіметінің саясатының арқасында XX ғ. басында 45 млн-ға жер басқа ұлт өкілдеріне берілді [5]. Осы тұста басталған бірінші дүние жүзілік соғыстың әсерінен патша салықтары мен алымдары артып, халықты қиын жағдайға қалдырды.

Халық үшін ең ауыры, II Николай патшаның 1916 жылы 25 маусымдағы Орта Азия, Қазақстан және тағы бірқатар регионна 19 бен 43 жас аралығындағы жұмысқа жарамды «Қорғаныс бекіністерін және әскери шептерін» салуға қара жұмысқа алу туралы жарлыққа қол қоюы. Торғай даласынан тылдағы қара жұмысқа 60 мың адам жіберілуге тиісті еді. 1916 жылғы желтоқсан айының жиырмамыншы жұлдызындағы мәлімет бойынша, Торғай мен Ырғыз ояздарынан 89-адам ғана күштеп алынды, ол енді бұл кезде көршілес Ақтөбе-Қостанай ояздарынан тылдағы қара жұмысқа 5000 адамнан жөнелтілді [5]. Жаманат жата ма, бұратана елдің азаматын мүлікке теңеп, күшпен қара жұмысқа алу туралы жарлық елді дүрліктіріп жіберді.

Жарлықтың шығуымен патша үкіметіне қарсы жер-жерде халық толқулары пайда бола бастады. Патшаға ашық түрде бағынбайтындығын білдіру үшін, станциялар, әкімшілік орындарға шабуылдар ұйымдастырыла басталды. 1916 жылдың тамыз, шілде айларында қарулы жігіттер болыстарға шабуыл жасап, қара жұмысқа баратын тізімді күштеп тартып алып, өртеп жіберу әрекеттері көбейіп кетті. Зерттеуші К.В. Харламович «Сопротивление приказу о реквизиции распенивалось как объявлении войны царскому правительству, более того, как разрыв с Россией» деп айтқан болатын. Осыдан-ақ, халықтың империяға қарсы күресуге бел байлағанын білеміз [6].

Қазақ бұрында патша үкіметіне қарсы көптеген көтерілістер жасады. Көпке кетпей, 1867-1868 жылғы патшаның «Уақытша ережесі» қазақ жерінің үкіметтің мемлекеттік меншігі деп жариялауына қарсы болған, 1968-1870 жылдардағы Орал және Торғай көтерілісіне тоқталып өтейік. Жер-жерден жиналған қазақ жігіттері 600-700 адамға бөлініп, кішігірім жасақтар құрып, патша әкімшіліктеріне, олардың адамдарына шабылдар жасай бастады. Бірақ, жер-жерде басталған кішігірім толқулар, ұйымдасқан үлкен күшке айнала алмады. Сондықтан, патша үкіметі көтерілісті тез басып тастады [7].

Өткен қателіктерді қайталамас үшін, 1916 ж. 21 қарашада Жалдама өзінің бойында 13 болыстың өкілдері жиналып, құрылтай өткізді. «Ел ағасыз болмайды, тон жағасыз болмайды», - деп халық айтқандай, 6 арғын, 6 қыпшақ, бір найман болыстары ең алдымен елін басқаратын, біріктіретін хан сайлау керек деген шешімге келді. Халық арасында үлкен беделімен, байсалдылығымен, аз сөйлеп, көп іс тындыратындығымен, өнерлі ісі бар, өнегелі дәстүрі бар, айбарлы күші бар Әбдіғаппарға халық назар аударды. Құрылтай ата дәстүрін бір сәт еске алып, Абылай хан заманында хан дәрежесіне дейін көтерілген Низя бидің ұрпағы, бабасы Тілеулі батыр болған Әбдіғаппар халық арасында құрметке ие еді. Осы қасиетін хан атағын алсада жоғалтпаған Әбдіғаппар, Шыңғыс әулетінен шықпағандығын айтып, халқының хан атанғанына ризашылығын білдіріп, өзін «әмір» атауды жөн көрді. Сол себепті өз мөріне «Торғай өлкесінің әмірі» деп жазғызды.

Құрылтай Әбдіғаппарды хан көтеріп, Торғай қолының халық өкілдері сардарбегі етіп Амангелді Үдербай ұлы Иманды сайлады. Әрі мерген, әрі балуан Амангелді де атақты әулеттен еді. Оның атасы - Иман кезінде даңқты батыр болған. Кенесары ханның әскерінде Торғай жасағын басқарды. Қанды қырғын соғыстан Иман батыр жеңіспен оралған сайын хан

Кене: «Қан майданнан Иман келді, аман келді» деп, сүйсініп отырады екен. Кейін Иман атамның кіндігінен тараған Үдербай өз баласын осы сөзге орай –«Амангелді» деп атаған көрінеді. Амангелді жасынан қызу қанды, бірбеткей адам болып өсті. Батыр жанарының өткірлігінен, көп адам көзіне тіктеп қарай алмайтын. Сол Сардар бабамыз Әбдіғапар ханның жасағын басқарған күрес күндеріне бір ерен ерлік үлгісін көрсетіп қана қойған жоқ, ол өзін тамаша әскербасы ретінде де таныта білді [8].

Әбдіғапар хандық билікті қолға алысымен, өзіндік басқару өзіндік жүйесін жасады. Мысалы, ол құрған басқарудың жоғары буыны -Хандық Кеңеске әр болыс, әр рудың белді-белді кісілерінен 20 адам енетін. Ал, мұның сыртында хан ордасында хатшылар алқасы жұмыс істеп, олар бұйрық, хаттар әзірлеумен, бүкіл әкімшілік мәселесін шешумен, жер-жерге шапқыншылар мен жаршылар жіберумен айналысты. Хан жарлығын тез тарату үшін 15-20 шықырым жерге бекеттер орнатылды, халық оларды «қызыл бекеттер» деп атап кетті. Кеңестің шешімін Әбдіғаппар хан бекітіп отырды. Кеңестің шешімі бойынша байлар 40 қойдан бір қой, 5 қарадан 1 зекет берді. Сөйтіп, әскерлерді азықтандыру қоры (байтұлмал) құрылды. Әбдіғапар ханның бұйрығы бойынша болыстарға елбегі тағайындалып, олар алым салық жинаудағы талас-тартысты шешіп отырды және сарбаздарды соғыс өнеріне үйретуге, қару-жарақ, киім-кешек, азық-түлікпен қамтамасыз етуге, жер-суды пайдалану, көшіп-қонуды реттеп, үйлестіріп отыруға міндетті болды. Хан ордасының қасында тағы да бір жұмыс істеген билік жүйесі ол-сот алқасы, жасақшы және қазынашы қызметі [1].

Хандық кеңестің осы көтерілістегі рөлін анықтау үшін SWOT-талдау әдісі қолданылды.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Патша үкіметіне қарсы, саяси басқару институтының құрылуы 2. Көтерілісшілер ішінде тәртіптің сақталуын қадағалайтын институт 3. Болыстар арасында жауапкершіліктің теңдей бөлінуі	1. Қаржылай қолдаудың аздығы 2. Шыққан шешім, жарлықтар көтерілісшілер төңірегінде ғана қабылдануы. 3. Белгілі бір мақсатқа жету үшін құрылған уақытша ұйымдығы.
Мүмкіндіктері	Қауіп қатері
1. Бүкіл қазақ руларын біріктіру 2. Далалық басқару жүйесін толықтай қалпына келтіру 3. Жаңа тәртіп ережелерін енгізу	1. Кез-келген уақытта ыдырап кету 2. Патша үкіметі тарапынан қырып тасталу 3. Шығарған шешім болашақта қазақ халқына үлкен қасірет алып келу.

Бұдан көретініміз, Әбдіғапар хан әкімшілігінің тәртіп пен заңдылықты берік орнықтыру үшін жүргізген саясатындағы Хандық кеңестің көтерілісті ұйымдастыруда үлкен рөл атқарды. Осылайша көтеріліс кезінде ел арасында ұрыс-жанжал, ұрлық пен зорлық тиылып, тәртіп орнады. Бұны, Әліби Жангелдинде өзінің естеліктерінде: «Хан Кеңесі көтерісшілерді қару-жарақ, оқ-дәрімен жабдықтау мәселесімен айрықша айналысты. Біз бірнеше ұстахана ұйымдастырдық. Мұнда біздің ұстаханаларымыз Ақмола, Атбасар, Семейден қашып келген жұмысшылармен бірлесіп, оқты және пілтелі мылтықтарды қайта жабдықтап, мылтық, қылыш, найза соғумен шұғылданды. Мылтық дәрісін де, оның оғын да біз өзіміз жасадық...» деген сөзімен растайды [9].

Дүрбелең әкімшілік аймақтарға шабылдан, соғыс әрекеттеріне ұласып кетті. 1916 жылдың 23-24 қазанында Ырғыз бен Торғай арасындағы телеграф сымын үзіп, станцияны талқандады. Осы күндері Москвадан Әліби де келіп жетті. Қазанның 25-інде Торғай арғындарының қолы Ақмұрза, Сурша деген жерлерде Амангелдіге келіп қосылды. Қалың қол Торғай қамалын қоршап алды. Қалың қол Торғайды шауып алғысы келді. Әбдіғапар әмір халық арасында сенімсіздік пікір тарай бастағанын сезіп, бұл шешімге көнді. Ноябрьдың 5 күні түнде 8 мың сарбаз Торғай өзенінен көпір салып, қала бетіне өтті. Түнгі сағат 2-де қала түбіндегі он мың шөмеле шөпке өрт салдырды. Патша өкіметі қаладағы гарнизонды 3500-ге жеткізді. Екі айға созылған Торғай қамауы басталды. Қалаға 4 колонна болып бөлінген 15

мың сарбаз лап берді. Амангелді бастаған отряд қалаға кіріп, үш сағаттай көшелерде айқас салды. Алайда зеңбірек пен оқшашарлардың жауған оғына қарсы тұрар дәрмен жоқты [9].

1916 жылы 9 қазан күні Ырғыздағы Әбдіғаппар қолы жазалаушы отрядқа тұтқиылдан шабуыл жасады. 14 қазан күні, Түйқаймақ станциясына бет алған жазалаушы отряд, 10 мың қолы бар көтерілісшілерге тап болды. Зеңберектерге төтеп бере алмаған көтерілісшілер тез арада шегініп кетті. Осындай соғыстардан соң, қазанның соңына қарай Торғай қоршауы аяқталды, сарбаздардың қалың қолы Бетпаққара маңына топталды. 30 қазан күні Ырғыз уезіндегі Тосын, Аманкөл, Қызылжар болыстарының жігіттерінен жасақталған 6000 қол подполковник Фон-Розен бастаған жазалаушы отрядпен айқасты. Жаудың қаруына қарамай сарбаздар батылдықпен шайқасты [1].

1 желтоқсан күні 4000 сарбазы бар Қарабұтақ отряды жазалаушылармен кездесті. Орта ғасырлық қаруы бар қол жаңа заманның қару-жарағы бар патша әскеріне қарсы ерлікпен соғысты. Шалқар станциясына Лаврентьев 21 қазан күні үш радиостанция орналастырды, ақпанның 11-і күні Ырғыз бен Торғай арасында телеграф, телефон байланысын қалпына келтірді. Ақпанның 13 күні Шолақсай керуен жолын торыған Амангелді, Үмен, Кейкі бастаған 200 сарбаз Шошқалы қопада подполковник Кислованың отрядын оқпен қарсы алды, шабуылға шығып айқас салды. Дер кезінде шегініп, әскердің ертеңгі жолын болжап, түңделетіп те төте жолмен Күйік қаласына жеткен сарбаздар Тышқан тамының маңайында қаңтардың 14-і күні Кислов отрядын қайтадан қарсы алып, тосқауылдан шабуыл жасады [10].

Бұл кезде Ресейде патша құлап, жаңа-уақытша үкімет құрылды. 11 наурызда Қараторғайда патша құлады, бәріне де кешірім беріледі деген хабар келді. Сол күннен бастап жиналған сарбаздар еліне тарай бастады. Әбдіғаппар жаңа үкіметке қарсы еместігін білдіріп, хат жазып Торғайға адам жіберді. Патша өкіметінің құлауы қазақ халқының азаттық қозғалысындағы арман-мақсатын орындауға бірте-бірте жағдай жасайтындай көрінді. Торғай ұлт-азаттық айқасы ақпан төңкерісіне ұласты [2].

Қазан төңкерісінен соң, мемлекет ақ пен қызыл деп аталатын екі топқа бөлді. Орынбордағы Торғай облыстық съезіне барып қайтқаннан кейін Әбдіғаппар саясатқа араласпады. Большевиктерге де, алашқа да бұрылмай, бейтарап өмір сүрді. 1919 жылы мамырда күтпеген жерден Амангелді жау қолынан қаза болды [11]. 1919 жылы желтоқсан айында қызыл әскер Батпаққараға келіп, Әбдіғаппарды өздерімен бірге алып кетті. Зәуре қопасына келген кезде сотсыз, дәлелсіз азаматты атып кетті. Міне, айыпсыз, айыпталған тұлға, осылайша қаза тапты [6].

Әбдіғаппар қазақтың бір туар азаматы, өзінің ақыл парасатымен сөзге шешендігімен, сабырлығымен өз замандастары арасында беделге бөленген. Қазақта «Текіден –текті туады, тектілік тұқым қуады» деген сөз бар, сонау Қобыланды, Тілеулі, Нияз биден тараған тектілік Әбдіғаппарға да беріліп, сол дүрбелең заманда ел тағдырын шешуді өз қолына алып, еліне қызмет жасаған. Торғай көтерілісінің ұзаққа созылуында тек Амангелді, Кейкі сынды т.б. батыр бабаларымыздың арқасы емес, оларды ұйымдастырып, азық-түлік, қару-жарақ сынды әр түрлі заттармен қамтамасыз ету сынды мәселелерді шешіп отырған Әбдіғаппардың үлесі. Сол себепті, өзін «Әмір» деп атаса да халық жадында «Хан» есімімен есте қалған Әбдіғаппар, қазақтың ең соңғы ханы десек қатепесмейміз.

#### **Қолдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Тұлғалар тұғыры. / Құраст.І.ҚОЗЫБАЕВ.- Алматы: «ҚазАқпарат», 2009.- 540 бет.
2. Мәмбет Қойгелді, 1916 – ХАЛЫҚ АТҚА ҚОНҒАН ЖЫЛ . / [ электронды ақпарат]: <https://qazaqadebieti.kz/5994/1916-haly-at-a-on-an-zhyl>
3. Сүлейменов М. Әбдіғаппар хан.- Алматы: «Ғылым» 1995, 144 бет.
4. 1897-2018. Қазақ халқының саны қалай өзгерді?. / [ электронды ақпарат]: <https://informburo.kz/kaz/1897-2018-aza-halyny-sany-alay-zgerd-.html>
5. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. Алматы,1994.
6. Харлампович К. В. Восстание тургайских казак-киргиз 1916-1917 гг., с. 40.

7. 1868-1870 жылдардағы Орал, Торғай және Маңғыстау қазақтарының отаршылдыққа қарсы күресі. / [электрондықпарат]: [http://megamozg.kz/index.php?page=view\\_mat&id=2719&partition=other&subpartition=articles\\_historykaz](http://megamozg.kz/index.php?page=view_mat&id=2719&partition=other&subpartition=articles_historykaz)
8. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. А., 1991. 246 б.
9. Әбдіғапар хан кесенесі./[ электрондықпарат]: <http://archaeology.kz/mura?id=605>
10. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Сб. документов. М., 1960.
11. Амангельды Иманов. Сб. документов и материалов. Алматы, 1974, с. 52.